

Қадағалау сатысындағы қылмыстық істер жөніндегі өндірістің тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 2000 жылғы 28 сәуір N 2 Қаулысы. Күші жойылды - Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы № 5 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 29.06.2017 № 5 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Сот тәжірибесінде туындаған мәселелерге байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді:

1. ҚІЖК-нің 50-тарауының нормаларына сәйкес бірінші, апелляциялық сатылардағы соттардың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулылары, оларды кассациялық сатыдағы сот қарағаннан кейін ғана, сондай-ақ кассациялық сатыдағы соттың қаулылары шағымдануға (наразылық келтіруге) және қайта қаралуға жататыны түсіндірілсін. Бірінші сатыдағы соттың үкімі, қаулысы, егер оларға апелляциялық тәртіппен шағым, наразылық келтірілмесе, ҚІЖК-нің 423-бабының 3-бөлігінде көрсетілген, жарияланған кезінен бастап заңды күшіне енетін апелляциялық үкімдер мен қаулыларды қоспағанда, апелляциялық шағым, наразылық беруге заңмен белгіленген мерзім өткеннен кейін заңды күшіне енеді. Істі апелляциялық сатыда қараған кезде үкім, қаулы апелляциялық қаулы шыққан күні заңды күшіне енеді. Егер шағым, наразылық апелляциялық сатыдағы сот отырысы басталғанға дейін кері қайтарылған жағдайда, шағымды, наразылықты қайтарып алуға байланысты іс жүргізуді қысқарту туралы апелляциялық сатының қаулысы шыққан күні үкім мен қаулы заңды күшіне енеді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 04.04.2013 N 2 нормативтік қаулысымен (жарияланған күнінен бастап күшіне енеді).

2. Соттар қорытынды, заңды күшіне енген, орындалуда жатқан немесе орындалған, істі маңызы бойынша шешетін түпкілікті, іс бойынша өндіріс бастауға немесе жалғастыруға жол бермейтін шешімді қабылдаған бірінші, апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатыларындағы соттардың қаулылары қадағалау тәртібінде қайта қаралуы мүмкін екенін ескергені жөн. Сондай-ақ бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттардың жеке қаулылары қадағалау тәртібінде шағымдалуы мүмкін.

Мемлекеттік және жеке айыптаушының айыптаудан бас тартуына байланысты, қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына және оның мерзімін ұзартуға санкция беру мәселелері бойынша, анықтауды және алдын ала тергеуді жүргізетін тұлғалардың әрекеттері мен шешімдеріне немесе прокурордың істі алдын ала тергеу сатысындағы әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдарды шешу бойынша шығарылған, заңды күшіне енген сот қаулылары қадағалау тәртібінде қайта қарауға жатпайды.

Егер істі қосымша тергеуге немесе жаңадан қарауға жіберу туралы заңды күшіне енген сот қаулысына, ол заңды күшіне енген күннен бастап 15 тәулік ішінде шағымданса және ҚІЖК-нің 459-бабында көзделген негіздер бар болса, ол қадағалау тәртібінде қайта қаралуы мүмкін. Егер істі сот қабылдап алса және ол бойынша жаңа сот талқылауы басталса немесе қосымша тергеу жүргізіліп жатса, онда өтініштің немесе наразылықтың уәждерін тексеру үшін істі сұратып алуға болмайды.

Істі қадағалау тәртібінде қарау нәтижелері бойынша шығарылған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты алқасының қаулылары ерекше жағдайда ҚІЖК-нің 458-бабының 3-бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша қайта қаралуы мүмкін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Нормативтік қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының (бұдан әрі мәтін бойынша – прокурор) наразылығы немесе судьялардың шағым жасалған сот актілерін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғау туралы қаулылары болғанда ғана қадағалау сатысы сотында істі қарау мүмкін болады. Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтініштерді алдын ала қарау үш судья құрамында жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Нормативтік қаулысымен.

4. Азаматтардың конституциялық құқықтарын және бостандықтарын бұзушылықтар немесе қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңды дұрыс қолданбау, егер олар ҚІЖК-нің 459-бап 1-бөлігінде көрсетілген салдардың ең болмаса біреуіне әкеліп соқтырған жағдайда ғана, шағым жасалған сот қаулыларын қайта қарауға негіз болып табылады. Заңды күшіне енген үкімдерді, қаулыларды қайта қарау үшін ҚІЖК-нің 459-бап 1-бөлігінде көрсетілген негіздер тізімі түпкілікті болып табылатынын ескерген жөн. ҚІЖК-нің 459-бап 1-бөлігінде көрсетілген салдар болмаған жағдайда да үкімдер мен қаулылар өтініштер бойынша ҚІЖК-нің 459-бап 2-бөлігінде көрсетілген негіздермен қайта қаралуы мүмкін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 04.04.2013 N 2 (жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) нормативтік қаулыларымен.

5. Сот үкімін, қаулысын қадағалау тәртібінде қайта қарау үшін бұзушылығы негіз болып табылатын азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына ҚІЖК-нің 10-31 баптарында көрсетілген жеке тұлға құқықтары жататыны түсіндірілсін.

6. Соттар заңның қылмыстық немесе қылмыстық-процессуалдық нормаларын қолданған кезде оларды қате түсіну, сондай-ақ онда көрсетілген талаптарды сақтамау - заңды дұрыс қолданбау болып саналатынын ескеруі тиіс. Сот тергеуінің біржақтылығы және толық болмауы, сот тұжырымдарының істің нақты мән-жайларына сәйкес келмеуі, өзге де қылмыстық-процессуалдық заңды елеулі бұзушылықтар, сондай-ақ қылмыстық заңды дұрыс қолданбау және соттың істі қараған кезде жіберген басқа да бұзушылықтары, егер олар ҚІЖК-нің 459-бап 1-бөлігінде көрсетілген салдарға әкеліп соқтырса, заңды күшіне енген үкімдер мен қаулыларды қайта қарауға негіз болып табылады.

7. ҚІЖК-нің 459-бап 1-бөлігіне сәйкес қылмыс оқиғасы, қылмыс құрамы болмаған жағдайда немесе қылмыс жасауға қатысуы дәлелделмеген адамдарды кінәсіз сотталған деп есептеген жөн.

Қылмысты дәрежелеген кезде қылмыстық заңды дұрыс қолданбау, егер мұндайда жасалған әрекеттің ауырлығына сәйкес келмейтін жаза тағайындалса (қылмыстық жазалаудың дұрыс емес түрін қолдану, жазалау көлемі немесе мерзімі аса алынған және т.б.), сот үкімін, қаулысын қадағалау тәртібінде қайта қарау үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 04.04.2013 N 2 (жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) нормативтік қаулысымен.

8. Егер істегі дәлелдемелерге дұрыс баға берілмесе, сот тұжырымдары істің нақты мән-жайларына қайшы келсе, материалдық немесе процессуалдық заңдар дұрыс қолданбаса, немесе сотталушыны ақтау не істі қысқарту туралы шешімнің заңдылығы мен негізділігіне күмән келтіретін басқа да мән-жайлар анықталған жағдайда, ақтау үкімін немесе істі қысқарту туралы қаулыны негізсіз деп таныған жөн. Басқа қылмыстық-процессуалдық заң бұзушылықтары өздігінен заңды күшіне енген ақтау үкімін, қылмыстық істі қысқарту туралы қаулыны немесе сотталушының пайдасына шығарылған өзге шешімді, егер шағымда, наразылықта бұл сот шешімдерінің маңызы бойынша күмән келтірілмесе, қайта қарау үшін негіз бола алмайды.

9. Заңмен бекітілген тәртіп бойынша жәбірленуші немесе оның өкілі болып танылған адамның өтініші бойынша үкімдер мен қаулылар ҚІЖК-нің 459-бап 1-бөлігінің 3-тармағында көрсетілген негіздер бойынша қайта қаралуы мүмкін.

Адамды негізсіз жәбірленуші деп танымау туралы шағымдар ҚІЖК-нің 113-114 баптарына сәйкес қарауға жатады.

Қылмыстық істің маңызы бойынша дұрыс шешілуіне септігін тигізетін жәбірленушінің ҚР ҚІЖК-нің 75, 76, 80 баптарында бекітілген құқықтарын елеулі түрде бұзушылық, атап айтқанда, прокурор айыптаудан бас тартқан жағдайда, жәбірленушіні жеке айыптаушы ретінде танымау, оны сот талқылауына қатыстырмау, сот жарыссөзіне қатысу құқынан айыру, жәбірленуші берген азаматтық талап арызды дұрыс шешпеу және т.б. - жәбірленушіні сот арқылы қорғалу құқығынан айырудың дәлелі болуы мүмкін.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Нормативтік қаулысымен.

10. Сот жаза тағайындаған кезде оның жеке даралығы туралы заң талабын сақтамаған жағдайда, жазаның тым қатаңдығы немесе тым жеңілдігі салдарынан оның қылмыстың ауырлығына және сотталушының жеке басына сәйкессіздігі орын алуы мүмкін. Бұл орайда, жаза қылмыстық заң бабының санкциясы шеңберінде тағайындалған жағдайда, сондай-ақ қылмыстық заңның түпкілікті санкциясын бұзушылық арқылы тағайындаған жағдайда немесе ҚК-тің K970167_55-бабын қолданбай, ҚР ҚК-нің тиісті бабында көрсетілген жазадан жеңілірек жаза тағайындалған жағдайда, жаза қылмыстың ауырлығына және сотталушының жеке басына сәйкес емес деп танылуы мүмкін. Жазаның қылмыстың ауырлығына және сотталушының жеке басына сәйкессіздігі - жаза түрі қате қолданылған жағдайда да, оны дұрыс қолданып, бірақ оның мөлшерін немесе мерзімін дұрыс анықтамаған жағдайда да орын алуы мүмкін.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 04.04.2013 N 2 (жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) нормативтік қаулысымен.

11. Сот жаза тағайындаған кезде ҚР ҚК-нің 52-53 баптарының талаптарын ескермей, бас бостандығынан айыру жазасын қолданбаудың заңда көрсетілген мүмкіндіктерін қолданбаса қылмыстың қоғамдық қауіптілігі сипатына және дәрежесіне, кінәлінің жеке басына және жауапкершілікті жеңілдететін істің нақты мән-жайларына анық сәйкес келмейтін жазаны тым қатаң жаза деп таныған жөн.

12. Атап айтқанда, жазаны ҚР ҚК-нің 54-бабында көрсетілген мән-жағдайларды ескермей тағайындау, ҚР ҚК-нің 55-бабында көрсетілген ерекше мән-жайлар болмаған жағдайда заңда көрсетілген жазадан гөрі жеңілірек жаза тағайындау, қылмыстардың рецидивін ескермей жаза тағайындау, шартты соттауды негізсіз қолдану және т.б. - жазаның тым жеңіл болуына байланысты оның қылмыс ауырлығына және сотталушының жеке басына сәйкес келмейтіндігінің дәлелі болуы мүмкін.

12-1. Алып тасталды - ҚР Жоғарғы Сотының 04.04.2013 N 2 (жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) нормативтік қаулысымен.

12-2. Алып тасталды - ҚР Жоғарғы Сотының 04.04.2013 N 2 (жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) нормативтік қаулысымен.

12-3. Соттар қылмыстық істерді қарау барысында материалдық және процессуалдық заңдардың талаптары, сондай-ақ "Азаматтық талапты қылмыстық процесте қарау туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 20 маусымдағы № 1 нормативтік қаулысында берілген түсіндірмелер сақтала отырып, қойылған азаматтық талаптардың дұрыс шешілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Талапты қараусыз қалдыру жағдайларын қоспағанда, азаматтық талаптың дұрыс шешілмеуіне әкеп соққан, заңды дұрыс қолданбау заңды күшіне енген сот үкімдері мен қаулыларын осы бөлігінде қайта қарау үшін негіз болады.

Ескерту. 12-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Нормативтік қаулысымен.

12-4. Сот алқабилердің қатысуымен шығарған заңды күшіне енген үкімдер мен қаулыларды қадағалау сатысында қайта қарау ҚІЖК-нің 576, 577-баптарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 12-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Нормативтік қаулысымен.

13. Іс жөніндегі қадағалау өндірісі тиісті қадағалау сатысындағы сотқа ҚІЖК-нің 460-бап 1 және 2 бөліктерінде көрсетілген процеске қатысушылардан түскен өтініш (наразылық) негізінде ғана қозғалуы мүмкін екендігін соттар ескергені жөн.

Сотталушы, оның қорғаушысы және заңды өкілі, жәбірленуші, сондай-ақ (азаматтық талапқа қатысты бөлігінде) азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, алғашқы сот сатыларында істің қаралуына қатыспаған жағдайда да, заңды күшіне енген сот шешімдеріне шағымдануға құқылы.

Егер адамның заңда көрсетілген сотталушының заңды өкілі ретінде іске қатысуы үшін іс бойынша өзге негіздер болмаған жағдайда, кәмелетке толмаған сотталушының заңды өкілі сотталушы кәмелетке толғанша ғана заңды күшіне енген сот шешімдеріне шағымдана алады.

Процеске қатысушы болып табылмайтын адам заңды күшіне енген сот қаулысына, оның ішінде жеке қаулыға да, егер бұндай сот қаулысы тікелей өзіне қатысты болған жағдайда ғана, өтінішті беруге құқылы.

Прокурордың наразылықтары ҚІЖК-нің 463-465-баптары ескерілмей, тікелей қаралады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 04.04.2013 N 2 (жарияланған

күнінен бастап күшіне енеді) нормативтік қаулыларымен.

14. Алып тасталды - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Нормативтік қаулысымен.

15. ҚІЖК-нің 466-бабына сәйкес, өтініш берген процеске қатысушының осындай өтініші болған және болмаған жағдайда да, шағымдалған сот шешімін орындау толық не ішінара тоқтата тұрылуы мүмкін. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы немесе Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры шағымдалған сот үкімінің, қаулысының орындалуын тоқтата тұру туралы негізделген және тоқтата тұрудың мерзімдері көрсетілген қаулы шығаруы тиіс. Мұндай қаулы оны орындау үшін тиісті органдарға жедел түрде жолдануы тиіс.

Үкімнің орындалуын тоқтата тұрған жағдайда, сот тағайындаған жазаның қолданылуы кейінге қалдырылады немесе тоқтатылады. Осыған байланысты, үкімнің орындалуын тоқтата тұру туралы қаулыда, осы үкімнің орындалуы салдарынан қамауда отырған сотталушының күзеттен босатылуы туралы көрсеткен жөн.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 04.04.2013 N 2 (жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) нормативтік қаулыларымен.

16. Шағымдалған сот үкімінің, қаулылардың орындалуын тоқтата тұру үшін негіздер өлім жазасына сотталғандарға қатысты, бас бостандығынан айыруға сотталған, бірақ ауыр науқастанған адамға қатысты үкімнің орындалуымен байланысты болуы мүмкін. Шағымдалған сот үкімдерінің, қаулыларының орындалуын тоқтата тұрудың негіздері тиісті түрде рәсімделген құжаттармен расталуы тиіс.

ҚІЖК-нің 466-бабында көрсетілген негіздер бойынша заңды күшіне енген сот үкімінің немесе қаулысының орындалуын тоқтата тұру үшін іс сұратылуы тиіс және ол қадағалау өтініші, наразылық қаралғанша бірақ үш айдан асырмай, жалғасуы мүмкін, сонан кейін шағымдалған сот шешімдерінің орындалуын тоқтата тұру туралы қаулыны оны шығарған адам бұзуы тиіс.

Ақтау үкімін, істі қысқарту туралы қаулыны тоқтата тұруға болмайды.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 04.04.2013 N 2 (жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) нормативтік қаулысымен.

17. Өтініштерді алдын ала қараған кезде судьялар онда көрсетілген дәлелдерді мұқият тексеруге міндетті және, егер онда шағымдалған сот үкімінің, қаулысының заңсыздығы туралы негізді дәлелдер келтірілсе, өтініш, әдеттегідей, іс материалдарын сұрату және зерттеу арқылы қаралуы тиіс. Шағымдалған сот үкімдерін, қаулыларын қайта қарауға негіздердің жоқтығы туралы қаулы алдын ала қарау барысында тек негізсізділігі айқын көрініп тұрған өтініштер бойынша ғана шығарылуы мүмкін.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Нормативтік қаулысымен.

17-1. Егер іс сотталғанның жағдайының нашарлауы туралы мәселе қойылған жәбірленушінің (азаматтық талапкердің) өтініші, прокурордың наразылығы бойынша қаралса немесе іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу және істі бірінші сатыда қарау айыпталушының қатысуынсыз жүзеге асырылса, қадағалау сатысында адвокаттың қатысуы міндетті болып табылады.

Ескерту. 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Нормативтік қаулысымен.

18. Судьялардың өтінішті алдын ала қарау туралы қаулысында шағымдалған сот шешімдерін қайта қарау үшін ҚІЖК-нің 459-бабында көрсетілген негіздердің бар-жоғын растайтын істегі мән-жайлар көрсетілуі тиіс және, бұл орайда, істі қадағалау сатысында қараудың нәтижелерін болжайтын тұжырымдар болмау керек. Қадағалау шағымын алдын ала қарауды жүзеге асыратын судьялар арасында шағымдалған сот қаулыларын қайта қарау үшін істі қадағалау сатысына шығару қажеттілігі туралы келіспеушілік болған жағдайда, шешім дауыстардың басым көпшілігімен қабылданады. Көпшілік шешімімен келіспеген судья қаулыға қол қоюға міндетті және, бұл орайда, өз пікірін жеке мәлімдеуге құқылы.

Өтініш және оны алдын ала қараудың нәтижелері бойынша шығарылған судьялардың қаулысы қылмыстық іс материалдарына қоса тіркеледі.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Нормативтік қаулысымен.

19. ҚІЖК-нің 465-бап 1-бөлігіне сәйкес қадағалау өндірісін қозғау туралы, заңды күшіне енген сот үкімін немесе қаулысын қайта қарау туралы судьялардың қорытындысы міндетті түрде қадағалау сатысында қаралатынын, осыған байланысты судьялар немесе сот төрағасы немесе сот алқасының төрағасы оны кері қайтара алмайтынын ескерген жөн.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Нормативтік қаулысымен.

20. Соттар процессуалдық мерзімдерді сақтауы тиіс. Оған сәйкес қадағалау наразылығы немесе заңды күшіне енген үкімдерді, қаулыларды қайта қарау туралы судьялардың қаулысы бойынша келіп түскен іс, қаулы түскен күннен бастап бір ай ішінде қаралуға тиіс. Істі өтінішті алдын ала қарауға байланысты зерттеген уақыт аталған мерзімге кірмейді.

ҚІЖК-нің 461-бап 2-бөлігінде көрсетілген мерзіммен тек сотталушының жағдайын ауырлатуға бағытталған өтінішті, наразылықты беру уақыты шектеледі. Бұл мерзім ҚІЖК-нің 54-бабында көрсетілген ережелер бойынша есептелуі тиіс. Өтінішті алдын ала қарау кезіндегі істі зерттеу уақыты және істі аталған

өтініштер мен наразылықтар бойынша қадағалау сатысында қарау уақыты бұл мерзімге кірмейді.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Нормативтік қаулысымен.

21. Істі қадағалау сатысында қарау күнін белгілеген кезде соттар айыптау өкілдерінің, сотталған адамның, жәбірленушінің, сондай-ақ қарауға жолданған сот шешіміне қатысты адамдардың сот мәжілісіне қатысу құқығын ескергені жөн, осыған байланысты олар сот мәжілісі өтетін күні, уақыты және орны көрсетіліп, істің қаралуы туралы хабардар етілуі керек. Аталған адамдарға, сондай-ақ өтініш (наразылық) көшірмелері жіберілуі тиіс.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Нормативтік қаулысымен.

22. Қадағалау сатысындағы соттың заңды күшіне енген үкімдер мен шешімдердің заңдылығы мен негізділігі туралы тұжырымдары іс материалдарына негізделуі керек және істен тыс материалдарға сүйенбеуі тиіс екені түсіндірілсін. Істі қадағалау тәртібінде қарап жатқан сот мәліметтері іс материалдарында бар, бірақ бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыдағы сотпен зерттелмеген және үкімде белгіленбеген немесе қабылданбаған деректерді дәлелденген деп табуға құқылы емес.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 04.04.2013 N 2 (жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) нормативтік қаулыларымен.

23. Үкім заңды күшіне енгеннен кейін туындаған мән-жайларды қадағалау сатысындағы сот қарай алмайтыны түсіндірілсін, себебі оларды бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыдағы сот қарамаған және қарай алмаған да. Заңмен қадағалау сатысындағы сотқа істің дұрыс шешілуі үшін қажет дәлелдердің бар-жоғын белгілеу құқығы берілмеген. Өтінішке, наразылыққа қоса тіркелген, іс үшін маңызды және бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыдағы соттың материалдық және процессуалдық заңдарды қате қолданғанын дәлелдейтін қосымша материалдар, соттың айыптаудың, сотталушының ролі мен кінәлілігі деңгейінің және басқа да істің дұрыс шешілуіне ықпал ететін мән-жайлардың дәлелденгендігін анықтау үшін қолданған дәлелдердің дұрыстығы және сапалылығы үкімді бұзуға және істі соттың жаңадан қарауына жолдауға негіз бола алады.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 04.04.2013 N 2 (жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) нормативтік қаулыларымен.

24. Қадағалау сатысындағы соттардың өкілеттіктері ҚІЖК-нің 467-бабында түбегейлі (егжей-тегжейлі) мазмұндалғаны және олар кеңейтіліп түсіндіруге

жатпайтыны соттарға түсіндірілсін. Сонымен бірге, сот өтініштерде көрсетілген дәлелдермен шектелмей, олардың шеңберінен шығып, іс жөніндегі өндірісті толық тексеруге және сотталғанның жағдайын жақсартатын шешім қабылдауға құқылы екенін ескерген жөн.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Нормативтік қаулысымен.

25. Соттарда өтінішті, наразылықты қараған кезде іс жөніндегі сотталғандардың барлығына қатысты сот шешімін қабылдауды заң талап етпейді. Іс жөніндегі басқа да сотталғандарға қатысты (олар туралы өтініш, наразылық келтірілмесе), егер олардың әрекеттері үкімге келтірілген өтініш немесе наразылыққа қатысы бар адамның әрекеттерімен тығыз байланысты болса, ал бір сотталғанның қылмысын қайта дәрежелеу екінші сотталғандардың қылмысын қайта дәрежелеуге немесе оларға қатысты істі қысқартуға әкеліп соқтырса, және, мұндайда олардың жағдайы ауырламаса, сот үкімді, қаулыны қайта қарауға құқылы. Мұндайда сот өзінің қаулысында сот қаулылары басқа адамдарға қатысты неге қайта қаралғанының дәлелдерін келтіруі керек.

Егер үкім немесе қаулы өтініште немесе наразылықта аталған адамға қатысты ғана және онда көрсетілген дәлелдер бойынша ғана қайта қаралып, оның қалған бөлігі және басқа сотталушыларға қатысты қайта қаралмаса, онда сот, өзге сотталушылардың немесе сол сотталушылардың басқа талаптармен немесе бұрынғы талаптарының жаңа тұрымдарымен осы сот сатысына өтініш беру мүмкіндігін жоймау үшін, бұл туралы қаулыда көрсетуі қажет.

Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Нормативтік қаулысымен.

26. Қадағалау сатысындағы сот істі соттың жаңадан қарауына жібермей-ақ прокурор наразылығында немесе жәбірленуші өтінішінде көрсетілген дәлелдер бойынша, сотталғанның жағдайын ауырлату жағына қарай үкімді, қаулыны, егер бұл: апелляциялық немесе кассациялық сатыларының сотталғанның жазасын заңсыз жеңілдетуіне; мерзімі мен мөлшері, алғашқы сот сатыларында адамды алдын ала қамауда ұстаған мерзімді есептегенде, немесе қылмыстардың жиынтығы немесе үкімдердің жиынтығы бойынша жазаларды қосқан кезде арифметикалық қателік нәтижесінде дұрыс белгіленбей жазаның көбеюіне; азаматтық талап бойынша сотталғанның есебінен өтелуге жататын соманың ұлғаюымен байланысты болса, өзгертуге құқылы.

Ескерту. 26-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 04.04.2013 N 2 (жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) нормативтік қаулыларымен.

27. Істі прокурордың наразылығы немесе жәбірленушінің өтініші бойынша қадағалау тәртібінде қараған кезде сот, жеңілірек қылмыс туралы заңын дұрыс

қолданбаған немесе жазаны негізсіз төмен тағайындаған апелляциялық, кассациялық сатыдағы соттың қаулыларын бұзған жағдайда, сот одан гөрі ауыр қылмыс туралы заңды қолдануға және одан ауыр жаза тағайындауға құқылы. Бұл орайда, сот сотталушының бірінші сатыдағы үкіммен белгіленген жағдайын ауырлатпауы тиіс.

Егер бірінші сатыдағы сот жеңілірек қылмыс туралы заңды дұрыс қолданбаса немесе тым жеңіл жаза тағайындаса және бұл істі апелляциялық, кассациялық сатыдағы соттарда қараған кезде жойылмаса, қадағалау сатысындағы сот ҚІЖК-нің 467-бап 10-бөлігіне сәйкес одан гөрі ауыр қылмыс туралы заңды қолдануға немесе жазаны күшейтуге құқылы емес. Бұндайда, егер осындай негіздер бойынша келтірілген өтініш немесе наразылық негізді болып танылса, барлық сот қаулылары бұзылып, жаңадан сот қарауына жіберілуге жатады.

Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Нормативтік қаулысымен.

28. Апелляциялық, кассациялық сатыдағы соттың заң бұзушылықтарын анықтаған кезде қадағалау сатысындағы сот аталған сатылардың қаулыларын бұзып және, істі қайта қарауға жолдамай, бірінші сатыдағы сот үкімінің (қаулысының) заңдылығы туралы шешім қабылдауы тиіс екені түсіндірілсін.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Нормативтік қаулысымен.

29. Заңды күшіне енген сот үкіміне, қаулысына шағымдануға құқы жоқ адамдардың өтініші немесе ҚІЖК-нің 459-бабында көрсетілмеген негіздер бойынша қадағалау сатысына шығарылған сот қаулыларын қайта қарау туралы судьялар қаулысы бар процеске қатысушының өтініші немесе прокурордың қадағалау наразылығы онда көрсетілген дәлелдерге қарамастан, қанағаттандырылмауы тиіс.

Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Нормативтік қаулысымен.

30. Істі қадағалау сатысында қараған кезде сот ҚІЖК-нің 59-бап 4, 5-бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша жеке қаулы шығаруға құқылы.

31. Істі қадағалау сатысында қараған кезде судьялардың кеңесуі және шешімдерді қабылдауы ҚР ҚІЖК-нің 370-бабында бекітілген тәртіпке сәйкес келуі тиіс екендігі соттарға түсіндірілсін. Өзгесі заңда көзделмеген.

Ескерту. 31-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Нормативтік қаулысымен.

32. КСРО Жоғарғы Соты Пленумының 1985 жылғы 5 сәуірдегі "Соттардың қылмыстық істер жөніндегі үкімдерді, ұйғаруларды, қаулыларды қадағалау тәртібінде қайта қарауды реттейтін заңдарды қолдануы туралы" N 2 қаулысы Қазақстан Республикасында қолданылмайды деп танылсын.

Төрағалық етуші
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының төрағасы
Пленум хатшысы,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК